

Көшім А.Ғ., Сергеева А.М.,  
Галимов М.А., Шанова Г.А.

**Ақтөбе облысы Мұғалжар  
ауданының әлеуметтік-  
экономикалық жағдайы және  
даму мәселелері**

Koshim A.G., Sergeyeva A.M.,  
Galimov M.A., Shanova G.A.

**Socio-economic situation  
Mugolzhhar district of Aktoobe  
region and its development**

Кошим А.Г., Сергеева А.М.,  
Галимов М.А., Шанова Г.А.

**Социально-экономическое  
положение Муголжарского  
района Актыубинской области  
и его развитие**

Мақалада Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы және даму келешегінің жағдайы сараланған. Ауданның инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуында қалыптасқан аумақтық ерекшелік оның кеңістіктік дамуын анықтайды. Аудан экономикасы аграрлық-индустриалды бағытта дамыған. Ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейі жылдан жылға жақсаруда. Болашақта Мұғалжар ауданы, экономикасы дамыған өндіріс орындарымен, құрылыс кешенімен, көлік және коммуникация инфрақұрылымдармен сипатталады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-экономикалық жағдай, инженерлік-көліктік инфрақұрылым, әлеуметтік инфрақұрылым, индустриалды бағыт, құрылыс кешені, көлік және коммуникация инфрақұрылымдары.

---

In this article issues of economic and social situation in the Mugalzharsky region of the Aktyubinsk area and prospect of its development are considered. Territorial, engineering and transport features of the area, its social infrastructure and spatial development are investigated. The economy of the area is developed in the agrarian-industrial direction. Territorial features, natural zone favor to successful farming, its transition to an agrarian and industrial complex. The cultural, economic shape of the area is changing from year to year. In the long term, the region will support capacity development, construction complexes, infrastructures of transport and communications.

**Key words:** socio-economic status, engineering and transport infrastructure, social infrastructure, industrial direction, the building complex, transport and communication infrastructure.

---

В статье рассматриваются вопросы социально-экономического положения Муголжарского района Актыубинской области и перспективы его развития. Исследуются территориальные, инженерно-транспортные особенности района, его социальная инфраструктура и пространственное развитие. Экономика района развита в аграрно-индустриальном направлении. Территориальная особенность, природная зона благоприятствуют успешному ведению сельского хозяйства, его переходу к аграрно-промышленному комплексу. Культурный, экономический облик района меняется из года в год в лучшую сторону. В перспективе района – развитие производственных мощностей, строительных комплексов, инфраструктуры транспорта и коммуникаций.

**Ключевые слова:** социально-экономическое положение, инженерно-транспортная инфраструктура, социальная инфраструктура, индустриальное направление, строительный комплекс, транспортная и коммуникационная инфраструктура.

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

<sup>3</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

\*E-mail: heritage\_mig@mail.ru

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
МҰҒАЛЖАР  
АУДАНЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНО-  
МИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ  
ЖӘНЕ ДАМУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Кіріспе**

Қазіргі жағдайда экономиканы қайта құру процесі аймақтық деңгейде анағұрлым белсенділік танытып отыр. Бұл аймақтың экономикалық қызметінің субъектілеріндегі нарықтық экономиканың заңнамалық актілері мен тетіктерін іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Аудандардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін білу – аумақтағы күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді ажыратуға, ауылдық елді-мекендерді, шағын қалаларды көркейтуге, жаңа жұмыс орындарды ашып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға көмектеседі.

**Зерттеу нысаны**

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының дамуын зерттеу, жобалар ұсыну – аудандағы ауылдық елді мекендерді көркейту үшін қажет. Мұғалжар ауданы бұрынғы Мұғалжар мен Октябрь аудандарының негізінде құрылған.

**Нәтижелері мен талдау**

Ауданның Ақтөбе облысының басқа аудандарынан бірнеше ерекшеліктері мен басым бағыттары бар:

- 1) аудан экономикасында Қандыағаш, Ембі, Жем қалаларының орны зор;
- 2) аудан тоғыз жолдың торабында орналасқан, яғни, аудан аумағы арқылы төрт бағытқа қарай теміржол, үш бағытқа қарай республикалық дәрежедегі автокөлік жолы өтеді;
- 3) аудан пайда қазбаларына бай, ауданның экономикасына ең көп үлесін қосатын – мұнай саласы. Аудан аумағында көмірсутегі шикізатының 10% барланған, 30% болжамдалған қоры (мұнай, газ), 3,6% мыс, құрылыс материалдары, т.б. шоғырланған.

Қазіргі кезде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты. Ауданның экономикалық дамуы барлық секторлардағы негізгі индикаторлардың өсуіменен ерекшеленеді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі – 35%, ауыл шаруашылығының жалпы өні-

мі – 10,3%, негізгі капиталға кеткен инвестиция – 14,1%, мемлекеттік бюджетке түскен салық пен басқа да төлемдердің жалпы көлемі – 49,1% және жергілікті бюджет кірістері 36,8% өсті. Экономиканың барлық салаларына және әлем рыноктарында мұнай мен металл бағасының төмендеуіне әсер еткен әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, ауданның өнеркәсіптік секторы 2007 жылдың деңгейіндегі көрсеткішінде қалды.

Өндірілетін өнімнің 70% жуығы ауданның өнеркәсіп индустриясының ірі алыбы – «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» АҚ үлесіне тиеді [1].

Қандыағаш қаласында «SBS group» компаниясының инвестициясымен үш жаңа өнеркәсіптік өндіріс, оның ішінде Батыс Қазақстандағы ең ірі силикат кірпішін және газ-бетон блоктарын шығаратын зауыттар, сондай-ақ, қуаты жылына 380 мың текше метр базальт талшығын және жылу ұстағыш материалдарды шығаратын зауыт салынды, оларға құрылыс материалдарын өндіретін жаңа озық технологиялар енгізілді. Қазір ауданда «Құрылыс материалдары» кластері қарқынды дамуда, ол Батыс Қазақстанда салынып жатқан нысандарға құрылыс материалдарын береді. Сонымен бірге «Тамақ өнеркәсібі» кластері де қалыптасып келеді [2].

Өнеркәсіп – аудан экономикасының негізгі саласы. Аудандағы өнеркәсіптің дамуы соңғы бес жылдар аралығында өндіріс көлемінің өсуімен байланысты. Облысаралық көлеміндегі өнеркәсіптің жеке салмағы – 35,5%, аймақ аудандар арасында 2 орын алады. Өсім өндірістің барлық салаларында, соның ішінде, кен өндіру – 7,4%, өндіріс және электр энергиясы – 11% және өңдеу өнеркәсібінде 3,1% құрады. Дегенмен, өндірісті диверсификациялау мен инновациялық даму мәселесі толық мәнінде іске асырылмады, нәтижесінде экономика құрылымы шикізат бағытында қалды [3].

Мұғалжар ауданының өңдеу өндірісін дамыту деңгейлерін анықтайтын жетекші кәсіпорындар «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мен «Қазақ-ОйлАқтөбе» ЖШС-тері. Сонымен қатар, өнім өндірумен «Юбилейное» ЖШС, «ТеміржолҚұрылысАтырау» ЖШС, «Темір-Сервис ЛТД» ЖШС, «Силикат-А», ЖШС «Базальт» сияқты басқада кәсіпорындары ерекшеленеді.

2010 жылдан бері аудан экономикасы көтеріліп келеді. 2014 жылдың қаңтар-қараша айларында өндіріс игеру көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 9,5%, оның ішінде кен өндіру – 10,5%, ал, өңдеу – 3,5% өскен. 2010 жылдың 25 мамырында бекітілген нысандарды енгізу кестесіне сәйкес елдің индустрияландыруын республика-

лық картаға қосылған Мұғалжар ауданының 6 жобасының 5-і пайдалануға берілді.

2010 жылғы 19 наурызда Елбасының Жарлығымен 2010-2014 жылдардағы үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Осыған байланысты индустрияландыруда аймақтық карта жасалды, соның ішінде аудан бойынша келесі жобалар іске асырылуда:

1) Жаңажол газ турбиналық электр станциясының екінші кезегі (АҚ «Ақтөбемұнайқаржы»), қуаты 110 МВт, 16 жұмыс орны орналасқан;

2) қиыршық тас өндірісі бойынша зауыт (ЖШС «ТеміржолҚұрылысАтырау»), қуаты 500 мың.куб.м. жылына, 30 жұмыс орны орналасқан.

Мұғалжар ауданында келесі өндіріс орындары іске қосылды:

3) №4 мұнай өндіру зауыты («СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ), қуаты жылына 4 млн. тонна, 50 жұмыс орны орналасқан;

4) қиыршық тас өндіру зауыты (ЖШС «Мұғалжар Мұнайқұрылыс»), жылына 700 мың тонна алады және 60 жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді;

5) Шилісай базасында фосфорит ұнының өндірісі (ЖШС «Темір Сервис»), жылына 200 мың тонна өнім өндіріледі және 49 жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

Мұғалжар ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына индустрияландыру карта шеңберіндегі инвестициялық жобалары әсер етеді. 2015 жылы өндіріске енгізілген жаңа өнім көлемі 25% арттыруға, 10% жаңа тауар енгізу, ал ол болса облыстың жалпы ішкі өнімінің өсуіне зор үлесін қосады.

Инвестициялар саласындағы проблемалар келесідей:

- экономикалық шикізат емес секторына инвестицияның жетіспеушілігі (әкімшілік кедергілер, көлік және коммуникациялық инфрақұрылымның дамымағандығы, білікті жұмысшыларының жетіспеушілігі, аймақтық нарық сийымдылығының төмендігі);

- аймақтық өндірушілерді қолдау мен қорғаудың жеткіліксіздігі;

- инвестициялар салудың әлеуетті нарықтары мен шетелдік компаниялар үшін осы нарықтарға шығу тәсілдері туралы жеткілікті ақпараттың болмауы [3].

Индустрияландыруды жүзеге асыру үшін төрт бюджеттік бағдарлама дайындалды:

1) Өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту үшін – «Бизнестің жол картасы – 2020»;

2) Шикізаттық емес секторды ынталандыру үшін – «Экспортшы – 2020»;

3) Технологиялық жаңғырту және экономиканың өнімділігін арттыру үшін – «Өндірушілік – 2020»;

4) Ірі инвестицияларды келтіру үшін – «Инвестор – 2020» [4].

Аталған бағдарламалар облыс бойынша қабылданған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Индустриялық даму саласындағы проблемалар:

1) өңдеуші сектор өнімінің бәсекеге қабілетінің төмендігі;

2) кәсіпорындардың технологиялық деңгейінің төмендігі, жабдықтың тозуы мен ескіруі;

3) айналым қаражатының жеткіліксіздігі мен ұзақ несиелерге қол жетпеушілік;

4) отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің төмендігі.

Мұғалжар ауданының халқы саны облыстың 9,3% құрайды. Қандыағаш – Ембі – Жем елді мекендер аудандағы негізгі қоныстану жүйесін құрайды. Ауданның дамуы үшін ауылдық округтар орталықтары мен ауылдық елді мекендер арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыс жақсы болу керек. Ауданның кешенді сипаттамасы SWOT-талдау әдісі бойынша анықталады.

**Кесте** – Мұғалжар ауданы дамуының кешенді сипаттамасы (SWOT-талдау әдісі бойынша)

<b>басым тұстары</b>	<b>әлсіз тұстары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• географиялық орнының тиімділігі, облыстың маңызды көліктік және транзиттік бағытта орналасуы;</li> <li>• өңдеу өнеркәсібі үлесінің жоғары болуы;</li> <li>• инвестициялық белсенділіктің жоғарғы деңгейі және негізгі капиталға салынған инвестицияның өсу қарқынының болуы;</li> <li>• еңбек нарығындағы оң өсу динамикасы: еңбекке қабілетті жастардың, халық санынан басым болуы, жұмыссыздық деңгейінің қысқаруы, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны өсімінің көрсеткіштері.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• энергияға деген сұраныстың өсуі, жетіспеушілігі;</li> <li>• инфрақұрылымдық нысандардың, оның ішінде желілер мен коммуникациялардың тозуы;</li> <li>• ауыз судың тапшылығы;</li> <li>• экономиканың салалары бойынша экономикалық белсенді тұрғындардың табыстары бойынша жүйесіз жіктелуі;</li> <li>• экономиканың инновациялық салалары мен өнеркәсіптерде мамандардың жетіспеушілігі;</li> <li>• өңдеу өнеркәсібі мен тұтыну тауарларын өндіру өнеркәсіптеріне салынатын капитал көрсеткішінің төмендігі;</li> <li>• аудан тұрғындарының сырттан әкелінетін тауарлар деңгейінің жоғары болуы;</li> <li>• шағын және орта бизнестің дамуындағы әлеуметтік-экономикалық кедергілері;</li> <li>• автомобиль жолдардың төмен жағдайы;</li> <li>• экологиялық жағдайдың қолайсыздығы: өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарының өндірілмейтіні;</li> <li>• шикізат саласының әлемдік бағаға аса тәуелділігі;</li> <li>• халыққа тұрғын үйдің жеткіліксіздігі;</li> <li>• әлеуметтік инфрақұрылым желілерінің жеткіліксіздігі.</li> </ul>
<b>мүмкіндіктер</b>	<b>қауіптер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кластерлік құрылымындағы белсенді рөлі өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайтуға және аудан экономикасын диверсификациялауға мүмкіндік беру;</li> <li>• аудан экономикасының шикізат секторына тәуелділігін төмендету;</li> <li>• аумақтық технопарктерді жандандыру өнеркәсіп және инновациялық бағыттардағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік беру;</li> <li>• қоғамдық сектордағы ресурстарды тиімді игеру үшін мемлекет пен коммерциялық емес және жеке секторлардың әріптестігін дамыту;</li> <li>• бюджет қаражатын тиімді қолдануды ұлғайту;</li> <li>• билік пен бизнестің «кері байланыс» механизмінің тиімділігін құру;</li> <li>• экономиканың кейбір салаларына маманданған мамандардың тапшығын жою үшін басқа аймақтардан және басқа елдерден жас мамандарды шақыру (еліміздің ЖОО-мен өзара қарым-қатынас орнатып, ғылыми-білім беру және мамандар әлеуетін күшейту);</li> <li>• мемлекеттік-жеке кәсіпорындар негізінде лизингтік мекемелер құру;</li> <li>• индустриялы аймақ құру арқылы инвестициялар тарту.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• технологиялық даму бойынша арта қалу салдарынан ішкі нарықтың импортқа тәуекелділігінің ұлғаюы;</li> <li>• қаржылық-несие жүйесінің тұрақсыздық жағдайында құрылыс саласын сақтау;</li> <li>• көлік пен жол шаруашылығының дамуын сақтай арқылы, бәсекелестік басымдылығының төмендеуі;</li> <li>• экологиялық ахуалдың нашарлауы;</li> <li>• даму институттарында жобаларды, соның ішінде үдемелі индустриализациялау бағдарламасына байланысты жобалардың қаралу мерзімдерінің ұзақтығы;</li> <li>• өңдеу өнеркәсібінің және халық тұтынатын тауарларын шығару өндірісінің жеделдетілген модернизациялау бағдарламасының жүзеге асырылмауы.</li> </ul>

Мұғалжар ауданының энергетика және көлік салаларында сапалық деңгейін көтеру мүмкіндіктері келесідей [4]:

– кен орындарында пайдалы қазбаларды шығару, өңдеу және тиісті құбырлар құрылысын қамтамасыз ететін ірі өндіріс (АҚ «Ақтөбемұнай-газ», «Қазақойл»ЖШС) жобаларын іске асыру, жаңа технологияларды енгізу арқылы кен орындарын пайдаланудың жедел тиімділігін арттыру;

– көліктік инфрақұрылымды дамыту, экономиканың транзиттік әлеуетін іске асыруын қамтамасыз ету;

– энергетикадағы инновациялық белсенділікті арттыру, отын және шикізат саласындағы әлемдік нарыққа арналған бәсекеге қабілеттілікті көтеру.

Экономикалық өсім мүмкіндіктері Мұғалжар ауданында көлік қызметтерін арттыру және шикізат саласын мүмкіндіктермен қамтамасыз ету факторлармен арқылы анықталады

## Қорытынды

Сонымен, аудан өнеркәсібіне қатысты аталған мәселелер аймақтық индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру арқылы шешіледі. Экономикалық өсімнің жаңа көздерін қалыптастыру, мұнай-газ саласының жедел дамуымен ерекшеленеді. Экономикадағы жаңа секторларды салу құрылыс индустрияның, ауыл шаруашылықтың, оның ішінде өңдеуші саланың өнімділігін көтерумен жоспарланған. Тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру инфрақұрылымдарды қалыптастырумен анықталады. Тұрғындардың өсу көрсеткіші тек табиғи өсім әсерінен ғана емес, сондай ақ, көші-қону арқылы да жоспарланып отыр. Сондай-ақ, аймақтағы шағын және орта кәсіпкерліктің және қызмет көрсету секторының қарқынды өсуіменен жаңа жұмыс орындары да жоспарланған.

## Әдебиеттер

- 1 Мұғалжар ауданының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған аймақтық даму бағдарламасы. – Ақтөбе, 2011. – 70 б.
- 2 «Ақтөбе облысының аудандары 2010 жылы»/Статистикалық жинақ/қазақ және орыс тілдерінде/ – Ақтөбе, 2011. – 154 б.
- 3 Стратегии территориального развития Республики Казахстан до 2015 года. – Астана, от 28 августа 2006 года.
- 4 Ақтөбе облысының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы. – Ақтөбе, 2011. – 183 б.

## References

- 1 Mugalzhaz audanyнын aumagyn damytudyn 2011-2015 zhyldarga arналган aймақтық даму бағдарламасы. – Aktobe, 2011. – 70 b.
- 2 «Aktobe oblysynyn audandary 2010 zhyly» / Statistikalыk zhinak / kazak zhane orys tilderinde/ – Aktobe: 2011. - 154 b.
- 3 Strategii territorial'nogo razvitija Respubliki Kazahstan do 2015 goda. – Astana, ot 28 avgusta 2006 goda.
- 4 Aktobe oblysynyn aumagyn damytudyn 2011-2015 zhyldarga arналган baғdarlamasy. – Aktobe, 2011. – 183 b.